

## Талғар ауданында нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 04 маусымдағы N 06-503 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 20 маусымда N 2-18-149 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 04-660 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 21.04.2014 № 04-660 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек нарығындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі келесідей белгіленсін:

- уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар;
- өз еркімен жұмыстан босатылған азаматтар;
- бір жылдан аса жұмыс істемейтін адамдар;
- бұрын жұмыс істемеген адамдар;
- 18 жасқа дейінгі балалары бар адамдар;
- жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- техникалық және кәсіптік оқу орындарын бітірушілер;
- қырық бес жастан үлкен тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау ауданы әкімінің орынбасары Райхан Нұрмұрзақызы Садықоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

"Талғар ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік

Т. Өмірәлиев

*бағдарламалар бөлімінің"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
"Талғар аудандық жұмыспен  
қамту орталығы" мемлекеттік  
мекемесінің директоры*

*Орынтай Шәріпұлы Бүркітов*

*Мурат Ильясұлы Туғанбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ